Дуанаева Сандугаш Ерубаевнаның
«6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Шетелде оқитын студенттердің стресс пен резильенттілігінің этнопсихологиялық аспектілері» атты диссертациясына
АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының мақсаты: жоғары білім беруді интернационализациялау жағдайында, шетелде оқитын студенттерге, психологиялық қолдау көрсетудің негіздерін даярлау үшін олардың стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу мақсатын жүзеге асыру үшін келесі **міндеттер қойылды:**

1. *Әдіснамалық:*

- Студенттік мобильділік, жоғары білім беруді интернализациялау мәселесі бойынша әдебиетті зерттеп, шетелде оқитын студенттердің білім алуына ықпал ететін факторлар мен шарттарды талдау. Шетелде білім алу қиындықтарын жеңудің психологиялық факторлары қатарында, ең алдымен, «стресс», «резильенттілік» және «копинг-мінез-құлық» ұғымдарын ашып көрсетіп, оларға сипаттама беру;

2. *Эмпирикалық*:

- Шетелде оқитын студенттердің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу үшін эмпирикалық зерттеу бағдарламасын әзірлеу;

- Қазақстанда және шетелде оқитын ҚР студенттерінің стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін анықтау. Ол үшін шетелде оқитын қазақ студенттері және Қазақстанда оқитын Қытайдан, Үндістаннан келген студенттер мен қазақ студенттерін салыстыра отырып, стресс пен резильенттіліктің айырмашылықтарын сипаттап, эмпирикалық талдау жүргізу. Эмпирикалық талдау жүргізіп, стресс деңгейі, резильенттілік және копинг-мінез-құлыққа жыныстың, жастың, шетелде оқу ұзақтығының ықпалы туралы қорытынды жасау;

- Шетелдегі студенттердің этнопсихологиялық аспектілерін ескере отырып, психикалық саулығындағы, білім алуындағы стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтың рөлін зерделеу бойынша жүргізілген зерттеудің нәтижелерін түсіндіріп, қорытындылау;

- Жоғары білім берудің интернационализациялау жағдайындағы шетелде оқитын студенттердің психикалық саулығын сақтауға бағытталған психологиялық сүйемелдеу негіздерін жасақтау.

Жалпы болжам ретінде шетелде оқитын студенттердің стресі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлқы арасында елеулі этнопсихологиялық айырмашылықтар бар, және оларды студенттердің шетелде табысты білім алуын қамтамасыз етіп, психикалық саулығын сақтау үшін психологиялық қолдау жасауда ескерілуі қажет деп санаймыз.

Жалпы болжам **жеке болжамдармен** нақтыланды:

- шетелде оқитын қазақ студенттері Қазақстанда білім алатын қазақ студенттерімен салыстырғанда резильенттіліктің, стрестің біршама жоғары деңгейіне және әлдеқайда тиімді копинг-стратегияларға ие деп пайымдаймыз;

- шетелде оқитын студенттердің бәрінде (қазақтар, қытай, үндіс) резильенттілік, стресті бастан кешіру және копинг-мінез-құлық деңгейінде ұқсастыққа қарағанда, айырмашылық көбірек деп пайымдаймыз;

- шетелде оқитын студенттердің жынысына, жас ересектігімен оқу ұзақтығына қарай студенттердің резильенттілігі, стреске төзімділігі және копинг-мінез-құлық тиімділігі жоғары болады деп санаймыз;

- шетелдегі қазақ студенттер оқу табыстылығының этнопсихологиялық құрылымына ие, ондағы басты рөлдерді копинг-мінез-құлық стратегиялары, созылмалы стресс деңгейі және резильенттілік деңгейі орын алады, бұл шетелдегі ЖОО-да оқитын студенттер топтарын психологиялық даярлау бойынша ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді;

- зерттеуден алынған нәтижелер негізінде шетелде білім алуды жоспарлайтын қазақ студенттерін даярлау бойынша ұсыныстарды әзірлеу

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі: диссертация басты әдістемелік ережелер мен принциптерге сүйенеді: ол жүйелілік, детерминизм, тарихилық принциптеріне, сондай-ақ, адамды әлеуметтік дамудың ең жоғары құндылығы санайтын аксиологиялық амалға; этностық ерекшеліктер жалпы адамзат мәдениетінің айрықша, органикалық құрамдастары ретінде қарастырылатын мәдениеттанушылық амалға, ситуациялық амалға және т.б. негізделеді.

- Аккультурацияны, оның ықпалы мен ассимиляцияны зерттеудің тұжырымдамалары мен негізгі тәсілдері (Berry, Navas, Garcia, Sanchez, Rojas, Pumares және Fernandez; Chun, Organista & Marin; However, Mori; Moreover, Sodowsky және Plake; Schönpflug & Phalet; Rudmin; McGee; Sam; Ward; Masgoret & Ward), аккультурация процесі (Tafoya, Suinn, Rickard-Figueroa, Lew және Vigil), сепарация (Johnson & Sandhu; Berry; Escobar, Randolph, & Puente), миграция (Ward and Kennedy), ассимиляция (Berry, Searle және Ward, Ward және Kennedy), интеграция (Berry; Coll & Magnuson; Ward & Kennedy; Berry, Phinney, Sam, & Vedder; Searle & Ward), аккультурациялық стресс (Berry), аккультурациялық стресс және аккультурация (Berry; Chung; Kline & Liu, Ward et al.; Hwang & Ting; Kim; Yi), аккультурациялық стресс және шетелдік студенттер (Prendes-Lintel; Yeh және Inose; Fernandez; Hendersen, Milhouse, & Cao; Yeh & Inose, Ying and Liese, Lin және Yi), мәдени шок (Oberg; Weaver), Winkelman; Weaver & Uncapher; Oberg; Ward, Bocher & Furnham), тілдік кедергі (Mori; Gardner; Pedersen; Sovic; Hayes және Lin; Yeh & Inose), академиялық қиындықтар (оқытушылар мен студенттер акцентін қабылдау қиындықтары (Lin & Yi), тілді түсіну жүйріктігі, жауап беру қабілеті (Sovic), Азиядан шыққан студенттерге көмек көрсету (According to Aubrey; Thomas & Althen), Отанында таңдаулы ретінде табысқа жетуді күту (Mori; Pedersen; Yeh & Inose), үлгеру деңгейінің төмендігіне байланысты сәтсіздіктерді бастан кешіруі (Hall; Matsumoto), тұлғааралық стресс (Mallinckrodt & Leong; Yeh &

Inose; Roskin; Yeh & Inose; Markus и Kitayama; Furthermore, Bulthuis; Pedersen), қаржылай қиындықтар (Chen; Khawaja & Dempsey; Lin & Yi).

- Стресс феноменін зерттеудің негізгі тұжырымдамалық тұғырларына («Салютогендік үлгі» (Antonovsky A «Стрестің трансакциялық үлгісі» (Lazarus R.S.), «Ресурсты сақтау теориясы» (Hobfoll S.E.), «Ресурсқа-бағдарланған тәсіл» (de Shazer S.), «Оптимизм» (Carver C.S. & Scheier M.F.), «реакция ретіндегі стресс» H. Selye, «Денсаулық пен ауру арасындағы жетекші рөліндегі стресс» H.Schröder және K.Reschke) теориялық тәсілдері.

- Резильенттілік феноменін зерттеудің негізгі тұжырымдамалық тұғырларына (Fergus&Zimmerman, Hjemdal, Friborg, Martinussen& Rosenvinge, Werner, Garmezy және Masten, A. Antonovsky, Holtmann и Schmidt; Laucht et al., Chamlee-Wright және Zhou, Agasisti et al., Jaffee et al., Strunk және Schiepeck, Bolsinger et al.; Callaghan et al., Stainton et al., Rönnau-Böse және Fröhlich-Gildhoff, Southwick et al.).

- Резильенттілік теориялары мен өміршеңдік/өмірге төзімділік, өзін-өзі өзектендіру, жоғалтуды бастан кешіру теориялары: позитивті психологиядағы резильенттілік теориялары (Боннано Г., Ваништендаль С., Вернер Э., Гармези Н., Лузар С., Маккубины М., Мастен Э., Раттер М., Ричардсон Г., Смит Р., Унгар М. және басқалар). Экзистенциалды-гуманистік парадигмадағы өмірге бекемділік/өмірге қабілеттілік теориялары (Александрова Л.А., Богомаз С.А., Кобейса С., Леонтьев Д.А., Мадди С., Махнач А.В., Рассказова Е.И. және т.б.). Экзистенциалды-гуманистік психологиядағы жеке тұлғаның өзін-өзі өзектендіру мен позитивті мотивациясы теориялары (Асмолов А.Г., Бьюдженталь Д., Маслоу А., Мэй Р., Олпорт Г., Перлз Ф., Роджерс К., Франкл В., Фромм Э. және т.б.). Психоанализдегі, феноменологиялық, түсіну психологиясындағы жоғалту, қайғыру және бастан кешіру теориялары (Боулби Д., Василюк Ф.Е., Кюблер-Росс, Э., Линдеманн Э., Фрейд З.).

- Протективті (қорғаушы) факторларды және әлеуметтік қолдау рөлін теориялық зерттеулер. Әлеуметтік қолдау келесі негізгі еңбектерде қарастырылды: A. Bandura, D.Cassel, S. Cobb, G.S. Sanders, E. Durkheim. B.Lakey, E.Orehek, S. Cobb, I.G. Sarason, B.Uchino, Cohen S., M.Gleason, M.Iida, M.Procidano, D.Cassel сияқты шетелдік зерттеушілер жеке тұлғаның субъективті саулығына қатысты қабылданатын және шынайы, өзекті әлеуметтік қолдаудың ықпалын зерттеумен айналысады. Ресейлік ғалымдар да әлеуметтік қолдауды зерттеуге назар аударуда, соның ішінде Л.И. Вассерман, Е.А. Трифонова, Л.В. Лифинцев, А.А. Лифинцева, А.Б.Серых, А.Б. Холмогорова, Я.Г. Евдокимова.

- Протективті (қорғаушы) фактор ретінде копинг-мінез-құлық мына еңбектерде қарастырылды: Lazarus және Folkman; Amirkhan; Endler және Parker; копинг және аккультурациялық стресс (Connor-Smith & Compas; Jose & Huntsinger, Endler & Parker; Furukawa; Yang және Clum; McWilliam, Cox, және Enns; Li and Browne). Протективті (қорғаушы) факторларды қарастыруда ерекше рөл ойнағандар: A. Antonovsky, Fergus және Zimmerman, Mash, Wadsworth et al.; Carballo et al.

- Этнопсихология мен этнопедагогикадағы тұлғаны зерттеу нәтижелері келесі отандық ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған: С.М. Жақыпов, Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Бердібаева, М.М. Мұқанов, О.Х. Аймағанбетова, Б.А. Әмірова, А.Х. Кукубаева, А.О. Шоманбаева, Ж.С. Сейітнұр, Ж.Д. Жүкешева, Л.К. Көмекбаева.

Зерттеу әдістері мен әдістемелері зерттеудің пәні, болжамдар мен міндеттері негізінде таңдалды:

теориялық: шетелде оқитын студенттердің стресі мен резильенттілігінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу мәселесі бойынша бірқатар сұрақтарды қарастыратын ғылыми әдебиетті талдап, жүйелеу.

эмпирикалық деректерді жинау әдістері: зерттеудің түрлі кезеңдерінде және жекелей зерттеу міндеттерін шешкенде нақты материал жинақтау мен оны өңдеудің жекелей әдістерінің кең қатары қолданылды. Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының растығын түрлі әдістермен алынған нәтижелерді өзара тексеру, математикалық статистика әдістерін қолдану, теориялық талдаудың заңдылықтары мен анықталған фактілерді мазмұнды талдау, сондай-ақ, психологиядағы сенімді және тексеруден өткен зерттеу әдістерін қолдану арқылы қаматамасыз етілді.

Психодиагностикалық әдістемелер ретінде қолданылғандар: «Резильенттілік шкаласы» (The Resilience Scale: RS-25, Wagnild Gail M. & Young Heather M., орыс тіліне аударған А.И. Гарбер); «Созылмалы стресті анықтаудың лейпцигтік экспресс-тесті» (The Leipzig Screening – Questionnaire on Chronic Stress: LKCS, Reschke Konrad & Schröder Harry, СЛЭТ әдісін орыс тіліне аударып, стандарттаған А.И.Гарбер және Л.Ш. Карапетян); «Копинг-мінез-құлық тәсілдері» сауалнамасы (Р. Лазарус пен С. Фолкман әзірлеген, орыс тіліне бейімдеген Т.Л. Крюкова, Е.В. Куфтяк, М.С. Замышляева); диссертациялық зерттеу аясында әзірленген, әрі қарай ішінара-стандартталған «Қазақ халқының өкілі ретінде мықты жағыңыз неде?» деген сұхбат жүргізуді қамтитын «Менің ресурстарым – мықты жақтарым» онлайн-сауалнамасын жүргізу. Оған қоса, Қазақстан Республикасы және шетелдегі студенттік мобильділік бойынша статистикалық мәліметтерді бақылау және талдау әдістері; мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Эксперименттік мәліметтерді математикалық өңдеуде Манн-Уитни, Крускалл–Уоллис өлшемшарттары бойынша мәліметтерді салыстырмалы талдаудың параметрлік емес әдістері, Спирменнің корреляциялық талдауы, Кайзер бойынша нормалаумен басты компоненттер әдісімен факторлық талдау, жиілік бойынша көптік жауаптарды талдау және SPSS-те санаттық талдау қолданылды

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: шетелде оқитын студенттердің резильенттілік және стрестің мәнін, олардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу және соның негізінде қазақ студенттерін шетелде білім алуға даярлаудың ғылыми негізделген үлгісін құруға болатын қазақ студенттерінің шетелде табысты білім алуының факторлық құрылымын зерттеу; қазақ студенттерінің шетелде білім алу табыстылығын анықтайтын әлеуметтік-психологиялық факторларының жалпы құрылымын ажырату; әрі

ҚР жоғары білім алуға шетелде оқитын студенттердің ауқымды санын тартуға үлес қосып, әрі олардың ҚР ЖОО-дарында білім алу табыстылығын арттыруға мүмкіндік беретін ҚР білім алып жатқан шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі мен стресінің негізгі, басты айырмашылығын анықтау бойынша ғылыми міндетті орындаудан тұрады.

Ғылыми қолданысқа резильенттілік пен стресс ерекшеліктерін ескере отырып, шетелде оқитын студенттерді этнопсихологиялық даярлау және оқыту негізін құрайтын басқа да ғылыми мәліметтермен қатар ұғымдар мен категорияларды қалыптастыратын жаңа эмпирикалық мәліметтер енгізілді.

Жекетұлғалық қасиет ретінде «этнопсихологиялық резильенттілік» ұғымы жасақталып, ол сырттағы білім алу еліне бейімделуді, жаңа әлеуметтік-мәдени ортадағы этностық бірдейлікті, ассимиляциялау механизмдерін, шетелде табысты білім алудың құрылымы мен шарттарын зерттеу үшін шетелдегі қазақ студенттердің білім алуы барысындағы аккомодациялануды қамтиды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы шетелде оқитын студенттердің резильенттілік және стресінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу, қазақ студенттерінің шетелде табысты білім алуының факторлық құрылымын әзірлеу этнопсихологиялық аспектілерді, заманауи кезеңдегі жоғары білім беру мәселелері бойынша оңтайлы шешімдерді қабылдауды, қазіргі бар этностық стереотиптердің аясынан шығуға талпынатын бәсекеге қабілетті қазақ ұлтын қалыптастыруды ескере отырып, қазақ халқының кадрлық әлеуетін қалыптастырып, дамытудың ғылыми-психологиялық негізін құрайтынымен анықталады.

Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі мен стресінің зерттелетін этнопсихологиялық аспектілерінің заңдылықтары мен ерекшелігі туралы зерттеудің апробацияланған нәтижелері әрі Қазақстан Республикасы, әрі шет елдерде студенттердің ұлтаралық қатынастары саласында әлеуметтік саясатты жүргізуде ескерілуі, шетелдік студенттерді сырт елде оқытуға даярлау тұжырымдамасын түзетуде қолданылады.

Теориялық және эмпирикалық бөлімдердегі диссертациялық зерттеу материалдары оқу-білім беру процесінде, оқу құралдарының, арнайы курстардың, әдістемелік әзірлемелердің мазмұнында, шетелде оқитын немесе оқығысы келетін қазақ студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін ескеру үшін әлеуметтік мекемелерде; ҚР білім алатын шетелде оқитын студенттермен тәрбиелік-білім беру жұмысын ұйымдастыруда ғылыми-әдістемелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін.

Шетелде оқитын студенттердің резильенттілігі, стресі және копинг-мінез-құлқы диагностикасының ұсынылатын бейімделген және практикалық апробацияланған инструментарийі әрі шетелде білім алуға даярлық деңгейінде, әрі шетелде білім алу кезеңінің түгелдей барысында мониторинг ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл мақсаттарға табысты жетуге жарияланым материалдары мен әдістемелік әзірлемелер ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы теориялық және эмпирикалық талдауға негізделген:

1. Шетелде білім алатын қазақ студенттері алғаш рет стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық тұрғысынан жан-жақты зерттелді, бұл алдағы уақытта этностық аспектті ескере отырып, оларды даярлаудың, оқытудың және білім беретін қабылдаушы елде бейімделуінің тиімді бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік береді.

2. Қазақстанда алғаш рет диссертациялық зерттеу аясында шетелде табысты білім алудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде резильенттілік (ағылшын. resilience) қарастырылып, резильенттілік, өмірге бекемділік (жизнестойкость) және стреске төзімділік ұғымдары ажыратылды.

3. Орыс тіліне Wagnild Gail M. және Young Heather резильенттілік шкаласы аударылып, бейімделді (The Resilience Scale: RS-25), бұл, бір жағынан, Қазақстанда алғаш рет студенттер резильенттілігін мақсатты түрде зерттеуге, екінші жағынан, біздің зерттеуіміздің нәтижелерін шетелде оқитын студенттерді резильенттілік көрсеткіші бойынша басқа зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік береді.

4. Студенттерді шетелде оқыту бағдарламасын әзірлеу барысында олардың стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтағы этнопсихологиялық айырмашылықтары мен басым тенденциялары анықталды, Алғаш рет ҚР білім алатын Қытай және Үндістаннан келген студенттермен салыстырғанда қазақ студенттерінің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлқының ерекшеліктері тарқатылып, көрсетіледі.

5. Қазақ студенттерінің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлқында Отанында немесе шетелде білім алу тәжірибесі рөлінің аса маңызды еместігі анықталды, бұл, бір жағынан, студенттердің оқу табыстылығы алғышарттарының нақты этнопсихологиялық (халықаралық) аспектісін зерттеу қажеттілігін көрсетеді, екінші жағынан, студенттердегі стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық сияқты сипаттамалардың шетелде білім алу тәжірибесіне қарамастан қазақтардың этнопсихологиялық тұрақтылығын көрсетеді.

6. Стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейін ескере отырып, қазақ студенттерінің шетелде білім алу табыстылығының факторлық құрылымы анықталды, нақтырақ айтқанда: 1. Копинг-мінез-құлық стратегияларының әралуандығы, ең алдымен, копинг-стратегия ретінде конфронтация мен ара-қашықтықтың басым болуы; 2. Ең алдымен, келесідей көрсеткіштер бойынша созылмалы стрестің төмен деңгейі: мән-мағынаның жоғалуы және эмоциялық-теріс сипаттағы тақырып; 3. Ең алдымен, жеке тұлғалық құзырет көрсеткіші бойынша резильенттіліктің жоғары деңгейі; 4. «Жоспарлау» және «оң баға беру» копинг-стратегияларының шетелде оқитын студенттердің жасының төмендігімен өзара байланысы; 5. Созылмалы стресс көрсеткіші ретінде ұйқы бұзылуының болмауы; 6. Жыныс пен оқу мерзімінің резильенттілік, созылмалы стресс, копинг-мінез-құлық деңгейімен өзара байланысты еместігі, яғни, кез-келген жынысты қазақ студенттері шетелде табысты оқи алады;

7. Шетелде оқитын студенттердің табысты білім алуы мен бейімделуінде жастың, жыныстың, шетелде оқу ұзақтығының рөлі зерттелді. Гендерлік

тиістілік пен шетелде білім алу ұзақтығы студенттердің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейіне айтарлықтай ықпал етпейтіні анықталды. Бірақ осы орайда жігіттерге де, қыздарға да, оқу ұзақтығына тәуелсіз, шетелде білім алуды неғұрлым ерте жастан бастау маңызды.

Жалпы, шетелде оқитын студенттердің стресі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлқының негізгі этнопсихологиялық аспектілері анықталды; ғылыми қолданысқа жаңа эмпирикалық және теориялық мәліметтер енгізілді. Олар педагогикалық психология мен этнопсихологияның өзекті психологиялық мәселесін, барған сайын жиірек шетелде білім алуды таңдайтын Орталық Азия өкілі ретінде ҚР студенттеріне ғылыми қауымдастық назарының жетіспеуі мәселесін шешудің негізін құрайды. Зерттеуіміздің алғашқы нәтижелері арқылы біз отандық және шетелдік әріптестеріміздің назарын шетелде білім алып жатқан қазақ студенттерінің мәселелерін зерттеуге назарын аудартып, әрі кейінгі мансап жолында және ҚР мен Орталық Азияның басқа елдерін заманауи мамандармен байыту үшін Орталық Азия студенттерінің өз жоғары білімін шетелде табысты тәмамдау ұмтылысын қолдағымыз келді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Шетелдегі студенттердің табысты оқуының психологиялық алғышарттарын зерттеудің әзірленген теориялық-әдістемелік негіздері әдістемелік плюрализм негізінде қалыптасқан этностық және әлеуметтік психологияның ғылыми ережелерінің кең ауқымын қамтиды, шетелде оқитын студенттердің стресінің, резильенттілігінің және копинг-мінез-құлқының мәні мен ерекшеліктерін, ондағы басым үрдістерді, қабылдаушы елдің әлеуметтік-психологиялық жағдайлары ықпалының сипаттарын және олардың дамуына әсер ететін факторларды ашып көрсетеді.
2. Студенттерді шетелде білім алуға даярлаудың әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамасының теориялық және әдістемелік негіздерін әзірлеуде стрестің, резильенттіліктің және копинг-мінез-құлықтың этнопсихологиялық аспектілерін ескерген жөн.
3. Қазақ студенттерінің стресінің, резильенттілігінің және копинг-мінез-құлқының деңгейі өз Отанында немесе шетелде білім алу тәжірибесіне тәуелді емес, бұл, бір жағынан, студенттердің оқу табыстылығы алғышарттарының нақты этнопсихологиялық (халықаралық) аспектісін зерттеу қажеттілігін көрсетеді, ал, екінші жағынан, шетелде оқу барысында өз елінде өмір сүру тәжірибесіне байланысты студенттердің стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық сияқты сипаттамаларының этнопсихологиялық тұрақтылығын дәлелдейді.
4. Резильенттілік, стресті бастан өткізу деңгейінің, копинг-мінез-құлық стратегиясын таңдаудың кросс-мәдени аспектісі шетелде оқитын студенттердің оқуында шешуші мәнге ие, себебі шетелде білім алатын студенттер топтарының бәрінде (қазақтарда, қытайларда, үндістерде) резильенттілік, стресті бастан өткізу және копинг-мінез-құлық деңгейінде, ұқсастықтарға қарағанда, айырмашылықтар көбірек анықталған, ал мұны студенттердің шетелде оқу табыстылығы тұрғысынан ескеру қажет.

5. Шетелде білім алуды жоспарлайтын қазақ студенттерін даярлау бағдарламасын әзірлеуде гендерлік тиістілік, әрі шетелде білім алу ұзақтығы студеттердің стресі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлқы деңгейіне аса ықпал етпейтінін ескерген жөн, яғни шетелде тағылымдамадан өту бағдарламалары аясында да, ұзақмерзімді оқу кезінде де, жігіттер де, қыздар да сырт елде нәтижелі білім алуға қабілетті. Осы орайда шетелде оқитын қазақ студенттерінің жасы неғұрлым жоғары болса, олар стресті еңсерудің конструктив копинг-стратегиясын таңдауға соғұрлым қабілеті төменірек, яғни, жігіттерге де, қыздарға да, оқу ұзақтығына қарамастан, шетелде білім алуды барынша жас кезден бастау ұсынылады.

6. Шетелде оқу табыстылығына да, жалпы психологиялық бейімделу процесіне де айтарлықтай ықпал ететін стресс, резильенттілік және копинг-мінез-құлық деңгейін ескере отырып, қазақ студенттерінің шетелде оқу табыстылығының факторлық құрылымы анықталды. Қазақ студенттерінің (шетелде оқитын студенттердің) шетелде оқу табыстылығының анықталған этнопсихологиялық жасырын факторларын атап өтейік: 1. Копинг-мінез-құлық стратегияларының алуандылығы, ең алдымен, копинг-стратегиялар ретінде конфронтация мен арақашықтықтың басым болуы; 2. Созылмалы стрестің төмен деңгейі, ең алдымен, мына көрсеткіштер бойынша: мән-мағынаның жоғалуы және эмоциялық-теріс сипатқа ие тақырып; 3. Резильенттіліктің жоғары деңгейі, ең алдымен, жеке тұлғалық құзырет көрсеткіші бойынша; 4. Шетелдік студенттің жастайынан «жоспарлау» және «оң шектен тыс бағалау» копинг-стратегияларының өзара байланысы; 5. Созылмалы стресс көрсеткіші ретінде ұйқы бұзылуының болмауы; 6. Жыныс пен оқу уақытының резильенттілік, созылмалы стресс, копинг-мінез-құлық деңгейімен өзара байланысты болмауы, яғни кез-келген жынысты қазақ студенттері шетелде табысты оқи алады.

7. Шетелдегі қазақ студентерінің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуінің үрдістеріне ассимиляция, аккомодация, сондай-ақ, қатты және созылмалы стресті еңсеру стратегиялары түрленуінің, әрі этностық ерекшеліктердің, әрі қабылдаушы елдің талаптарын, сонымен қатар, ҚР студенттерінің білім алуы және бейімделуіндегі анықталған қиындықтарын ескере отырып, резильенттіліктің дамуының әлеуметтік-психологиялық механизмдері жатады. Қазақ студенттерінің шетелде білім алуға нәтижелі бейімделу үдерісі білім беретін қабылдаушы елдің жаңа мәдени нормалары мен талаптарына ассимиляция, әрі шетелдегі білім берудің қалыптасқан дәстүрлі жүйесіне сәйкес стреске төзімділік, резильенттілік және копинг-мінез-құлықтың этнопсихологиялық жүйесіне аккомодация процестерінің теңдесуін қамтиды. Ассимиляция және аккомодация процестерінің теңдесуі жағдайында шетелде оқитын студенттердің стреске төзімділігі, резильенттілігі және копинг-мінез-құлықтың тиімді стратегиялары дамиды деп пайымдаймыз.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесі.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми қоғамдастықтың назарына автордың халықаралық және аймақтық ғылыми

конференциялардағы баяндамалары ұсынылып, олар оң бағасын алды. Зерттеу тақырыбы бойынша 17 мақала жарық көрді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 6; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында - 9; 2 Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда.

1. Дуанаева С.Е., Бердібаева С.К., Гарбер А.И. Роль стресса как проводника между здоровьем и болезнью в студенческом возрасте. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2019. - №2 (68). - С.243-251.

2. Дуанаева С.Е., Бердібаева С.К., Гарбер А.И., Аяпбергенова А.Ж., Бердібаев С.К. Постановка проблемы обучения казахстанских студентов за рубежом и возможные пути ее преодоления. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2020. - №1 (72). – С.177-185.

3. Дуанаева С.Е., Шоманбаева А.О., Ешенкулова Д.Б. Изучение этнической идентичности у студенческой молодежи. Вестник КазНПУ. Серия психология. – 2020. - №1 (62). – С.114-121.

4. Дуанаева С.Е., Шоманбаева А.О., Байжуманова Б.Ш., Усенова А.М., Ешенкулова Д.Б. Изучения отношения к гендерным ролевым моделям семьи в структуре гендерного самосознания казахстанских женщин. Вестник ЕНУ. Серия: Педагогика. Психология. Социология. - 2023. - №4 (145). - С.273-281.

5. Дуанаева С.Е., Шоманбаева А.О., Ауелова К.Е., Айнабек С.Б., Адилова Э.Т. Взаимосвязь синдрома эмоционального выгорания и проактивного совладающего поведения в контексте изучения профессиональных стрессов и деформаций. Вестник КазНПУ. Серия психология. – 2024. - №1 (78). - С.83-95.

6. Дуанаева С.Е., Шоманбаева А.О., Бердібаева С.К., Усенова А.М., Кулжабаева Л.С. Кросс-культурный аспект формирования гендерного самосознания женщин Казахстана. Вестник ЕНУ. Серия: Педагогика. Психология. Социология. - 2023. - №3 (144). - С.313-321.

1. Reschke K., Garber A., Bikadamova A., Duanayeva S., Sarbassova G. Development and evaluation of a stress management program for elderly people. Behavioral sciences, 01 May 2019. – P.444-450.

2. Garber A., Duanaeva S., Karapetyan L. Stress diagnostics, detection, assessment (on the example of the Leipzig express-test for the detection of chronic stress) Материалы международной научно-практической конференции «Стресс-менеджмент: теория и практика управления стрессом» в контексте реализации программы «рухани жаңғыру», посвященной 60-летнему юбилею доктора психологических наук, профессора С.К. Бердибаевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С. 56-58.

3. Гарбер А.И., Бердибаева С.К., Решке К., Дуанаева С.Е. (2021). Значение резильентности для развития кадрового потенциала у студентов и

преподавателей высшей школы/ Кадровый потенциал инновационного развития: II Международная научно-практическая конференция (Москва, 10 ноября 2021г.): материалы конференции/ Министерство науки и высшего образования Российской Федерации, Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Московский государственный технический университет имени Н.Э. Баумана (национальный исследовательский университет)». - Москва: Издательство МГТУ им. Н.Э. Баумана. - 221 [1] с.: ил.;

4. Reschke K., Garber A., Bikadamova A., Duanayeva S., Gusseinova N., Sarbassova G. Psychological research on stress in Kazakhstan - past, present and future. Learning Disabilities and Mental Health. 2019. Vol. 9, Berlin: Peter Lang Verlag. p. 107-118.

5. Shakeeva Ch., Berdibayeav S., Duanayeva S., Nurmakhanbetov A., Ivanov D. Child-parent relationships as a factor in the emergence of food addiction in adolescents. Journal of Behavioral Addictions. Vol.11, Supplement 1, June-2022, Impact factor: 6.756, DOI: https://doi.org/10.1556/2006.2022.00700

6. Berdibayeava S., Garber A., Duanayeva S., Kukubayeva A. Psychological analysis of the factors of successful student's learning abroad. International Journal of Psychology. Vol.58, Supplement 1, December 2023. ISSN 0020-7594

7. Дуанаева С.Е., Шоманбаева А.О., Асетова Г. А. Құндылық бағыттары жеке этникалық төзімділік факторы ретінде. Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения -21: Новый Казахстан – будущее страны, посвященный 80-летию ЮКУ им Ауэзова». Шымкент, ЮКУ, 2023. - Т 2. - С.281-284.

8. Reschke K., Garber A., Berdibayev S., Duanayeva S. Learning Disabilities and Mental Health. Psychological Research on Stress in Kazakhstan – Past, Present, and Future. Erschienen Berlin, Bern, Bruxelles, New York, Oxford, Warszawa, Wien, 2021. 206 pp.

9. Дуанаева С.Е., Бердібаева С.Қ. Студенттік кезеңдегі стрестің рөлі. Материалы международной научно-методической конференции на тему «Современные тенденции развития этнопсихологии: история, состояние и перспективы» посвященной ко дню рождения доктора психологических наук, академика КазНАЕН, профессора Джакупова С.М. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С.129-133.

1. Duanayeva S., Berdibayeva S., Garber A., Baizhumanova B., Adilova E. Cross-cultural Study of Resilience, Stress, and Coping Behavior as Prerequisites for the success of international students // Open Psychology Journal, 2023, Volume 16.- pp. 1-13.

2. Baizhumanova B., Berdibayeva S., Arzymbetova Sh., Garber A., Duanayeva S., Kulzhabayeva L. Role of stress and resilience in the psychological health of students studying abroad // Open Psychology Journal, 2024, Volume 17. - pp. 1-13.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі «Жаңа адами капитал» бойынша Стратегиялық даму жоспары сияқты ғылым дамуының басым бағыттарына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес келеді.